

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 маусымдағы № 337 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің АК-159/22 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі таратылсын.

2. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитетінің «Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) болып қайта аталсын.

3. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен оның ведомстволарының тізбесінде:

«1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі» деген бөлімде: реттік нөмірі 60-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«60. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы.»;

«2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті» деген бөлімде: реттік нөмірі 46-жол алып тасталсын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісу бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын;

2) мемлекеттік мекемені әділет органдарында қайта тіркеуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*

